

# СОТ ТЕРГЕУІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫН ЖАН-ЖАҚТЫ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЪЕКТИВТІ ЗЕРТТЕУ



Э. Е. МУСЕНОВА,  
КАЗГЮУ Университетінің, қылмыстық іс жүргізу құқығы және криминалистика кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Сот тергеуі барысында соттың процессуалдық өкілеттілігін қалыптастыру және олардың жаңа ҚР ҚПК-де регламенттелуіне қатысты мәселелер зерттелген. Автор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында соттың өз бастамасымен қосымша дәлелдемелер жинау құқығының болмауы, сондай-ақ сот отырысында қылмыстық істі қайта тергеуге жіберуге негіздердің жоқтығы істің толық, жан-жақты және объективті зерттеу қағидасына қайшы келетіндігіне назар аударып, соттың белсенділігін күшейтуге байланысты бірнеше ұсыныстар жасаған.

*Түйінді сөздер: жан-жақты зерттеу, қағида, басты сот талқылауы, сот тергеуі, сот іс-әрекеттері, соттың белсенділігі, біржақтылығы, ақтау үкімі, қайта тергеу.*

**Қ**азақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.<sup>1</sup>

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісінің оңтайлы моделі жасалмайынша мемлекеттің қылмыстық саясаты тиімді болмақ емес. Заң шығарушының басты мақсаты тікелей қолданылатын заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын айқындайтын және әділ сотпен қамтамасыз ететін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды тануға негізделген қылмыстық іс жүргізу заңын қалыптастыру болатын. Сол себепті қылмыстық іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала бермек.<sup>2</sup> Соның нәтижесінде 2014 жылы 4 шілдеде

қабылданған жаңа қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі ҚР ҚПК),<sup>3</sup> адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қағидаттарды нақтылады, ол принциптің бірі істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу (ҚР ҚПК 24-бабы). Іс бойынша негізді және заңды үкім шығару мақсатында (ҚР ҚПК 388-бабы), сот істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеп, заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті (ҚР ҚПК 24-бабы). Алайда сот отырысында дәлелдемелерді жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындаса, онда сот тек тараптардың өтінішінің болуын ескеруі қажет. Себебі, жаңа қабылданған қылмыстық іс жүргізу заңы, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығын жою мақсатында сотқа өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелер жинау құқығын шектеп отыр (ҚР ҚПК 24-бабы). Соттың өз бастамасымен дәлелдемелер жинау құқығын шектеу істің толық, жан-жақты және объективті зерттеу қағидатына қайшы келгендей (ҚР ҚПК 122-бап 2-бөлігі). Қылмыстық істер бойынша жүргізілген алдын-ала тергеудің дұрыстылығы барлық жағдайда басты сот талқылауының сапасын анықтағандықтан, алдын-ала тергеуде жиналған, бекітілген дәлелдемелердің заңға сәйкестігі, жеткіліктілігі тараптардың қатысуымен сот тергеуінде зерттеледі. Яғни сот тергеуінде сотталушылардан (ҚР ҚПК 367-бап), куәлардан (ҚР ҚПК 369-бап), жәбірленушіден (ҚР ҚПК 370-бап) жауап алу, олардың айғақтарын заңмен реттелген жағдайларда жария ету (ҚР ҚПК 368, 372 баптары), заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру (ҚР ҚПК 370-бап), тергеу әрекеттерінің хаттамалары мен құжаттарын жария ету (ҚР ҚПК 371-бап) сияқты сот іс-әрекеттері арқылы істердің толықтығы мен дұрыстылығы анықталады. Н. Абдиқанов атап өткендей сот отырысында өте сирек жүргізілетін сот іс-әрекеттері де бар,<sup>4</sup> олар жергілікті жерді және үй-жайды қарап-тексеру, тану үшін көрсету, куәландыру, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу (ҚР ҚПК 378-379 баптар), оның үстіне аталған сот іс-әрекеттері тек тараптардың өтінішімен ғана жүргізіледі. Егер сот отырысында тараптар белсенділік танытып, өтініш білдірмесе, ал

© Э. Е. Мусенова, 2016

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (2011 жылғы 2 ақпандағы №403-IV Заңдарымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (23.09.2016 жылы қаралды).

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858> (23.09.2016 жылы қаралды).

<sup>3</sup>Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2016 жылғы 4 қыркүйектегі № 501-V Заңдарымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (23.09.2016 жылы қаралды).

<sup>4</sup>Абдиқанов Н.А. Главное судебное разбирательство по уголовному делу Республики Казахстан: его назначение и производство. Алматы: Дәуір, 2004. – 368 с.

сот өз бастамасымен мұндай сот іс-әрекеттерін жүргізуге құқығы болмаса, онда іс бойынша шешімінің әділдігіне күмән туындайды. Мысалы, Темір аудандық сотының үкімімен Ш. сотталса, оны Ақтөбе облыстық сотының апелляциялық соты ақтаған (қылмыс жасауға қатысқаны дәлелденбеген). Ал, кассациялық сот алқасы (жәбірленушінің шағымы бойынша) қылмыстық іс жүргізу заңының 24-бап талаптары сот назарынан тыс қалған деп есептеп, сот шешімінің күшін жойып, басқа құрамда жаңадан қарау үшін жіберген. Себебі істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шаралар қолданылмаған, атап айтқанда сот өзінің ақтау үкімінде, ірі денелі Ш.-ның 30х50 см болатын, биік орналасқан, айналасында сынған әйнегі оның денесін жарақаттамастан үйге кіруі мүмкін емес деген біржақты, алдын ала кесімді тұжырым жасап, дәлелдемелер толық, жан-жақты және объективті зерттелмеген, оларды заңға сәйкес бағалау міндетін орындамаған, ол үшін тараптардың қатысуымен іс болған орынды және үй-жайды, қажет болғанда куәлардың, сарапшының, маманның қатысуымен жүргізуге, сондай-ақ тану, айғақтарды тұрған жерде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу мүмкіндігін пайдаланбаған деп таныған.<sup>5</sup> Көріп отырғанымыздай сот отырысында мұндай сот іс-әрекеттерін жүргізуге тараптар өтініш білдірмесе, онда соттың өз бастамасымен сот іс-әрекеттерін жүргізуге мүмкіндігі болуы тиіс. Себебі сот отырысының басты міндеті іс бойынша шындықтан тану.

Айта кету керек ҚР ҚПК 373-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сот тараптардың өтінішхаты немесе өз бастамасы бойынша сараптама тағайындауға құқылы. Сонда заң сот сараптамасын соттың өз бастамасымен тағайындауға мүмкіндігін ескеріп, басқа дәлелдемелерді өз бастамасымен жинауға тиым салғанын түсіну қиын. Басты сот талқылауында төрағалық етуші судья дәлелдеу процесіне ішінара (жартылай) белсенділік танытқандай. Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидасының мәні де кепілдігі де кез-келген қылмыстық іс бойынша ақиқатты танып, негізді, әділ шешім қабылдауы. Себебі айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды (ҚР ҚПК 19-бап 4-бөлігі). Әрине қылмыстық іс бойынша ақиқатты тану үшін тараптармен қатар соттың да белсенділігі маңызды. Дәлелдеу процесіндегі соттың белсенділігі қылмыстық іс жүргізу ғылымының назарынан ешқашан тыс қалған емес. Мысалы А.Р. Белкин, іс бойынша не айыптау не қорғау дәлелдемелерін қалыптастыру үшін соттың дәлелдемелер жинауы дұрыс емес, деп есептесе,<sup>6</sup> іс бойынша қорытынды шешім соттың жауапкершілігінде, сондықтан сот дәлелдемелер жинауға тиісті деген пікірлерде жоқ емес.<sup>7</sup> Әрине соттың дәлелдемелер жинаудағы белсенділігі, ол не айыптауды не қорғауды қолдаумен байланысты емес, керісінше іс бойынша шындыққа қол жеткізумен байланысты. Қылмыстық іс бойынша шындықты тану ол қылмыстық процестің мақсаты ретінде танылуы тиіс деген профессор К.В.Кимнің пікірі даусыз, себебі ол айыптау, қорғау, істің мәні бойынша шешімін жүзеге асыру субъектілерінің дәлелдеудегі бағытын нақтылаған болар еді деп түсіндіреді.<sup>8</sup> Оның үстіне ізге түсу органдары үшін бір шындық, сот үшін бір шындық болуы мүмкін емес, процесті жүргізуші орган үшін шындық ортақ деген И.Перловтың пікірі өте орынды.<sup>9</sup> Осыған орай соттың іс бойынша қосымша дәлелдемелер

жинаудағы өкілеттіктерін заңмен шектемей, керісінше белсенділігін толық арттыру орынды. Ресей Федерациясының қылмыстық іс жүргізу заңынан (ҚПК РФ 86-бап)<sup>10</sup>, сотқа іс бойынша дәлелдемелер жинауға тиым салмайтынын көруге болады, мысалы алдын ала тергеуде 3 адамды өлтіргенін мойындаған В. сот отырысында бір ғана қылмысын мойындап, қалған екі айыптау бойынша өз алибиін сотқа ұсынған. Және жедел-ізвестіру қызметкерінің өтініші бойынша бар кінәні өз мойнына алғанын баяндаған. Сот отырысында сотталушының қорғаушысы «оған қатысты менде ешқандай мәліметтер жоқ, ол қылмыстар тіпті басқа қалада болған оқиға» деп мәлімдесе, мемлекеттік айыптаушы «алдын ала тергеу барысында 3 адамды өлтіргенін өз еркімен толық мойындағанын» алға тартқан. Тараптар дәлелдеу процесінде ешқандай белсенділік танытпағандықтан, сот істе баяндалған алибиін тексеру үшін, барлық сот іс-әрекеттерін жүргізіп (үй-жайды қарап-тексеру, тану үшін көрсету, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау, эксперимент жүргізу, басқа қаладан қосымша куәларды шақыртып жауап алу және т.б.), сотталушының соңғы екі іске қатысуының жоқтығын растайды. Соттың мұндай белсенділік танытуы, тіпті прокурордың айыптаудан ішінара бас тартуына әкеп соқтырған.<sup>11</sup>

Соттың өз бастамасымен қосымша дәлелдемелер жинау құқығын шектегені процесті жүргізуші орган үшін тіпті қолайлы болып тұрғандай, себебі тәжірибе материалдарына сүйенсек, сот тергеуінде тіпті сотқа дейінгі тергеп-тексеру толымсыздығын анықтамақ тұрмақ, сот отырысында дәлелдемелердің арасындағы қайшылықтарды да зерделеуге жағдайлары аз емес. Мысалы, Маңғыстау облысы Ақтау қалалық сотының үкімімен (2014 жылғы тәжірибе материалы бойынша) сотталған К. ҚР Жоғарғы Сотының қадағалау алқасына берген өтінішінде сот шешімдерімен келіспей, дәлелдемелердің тек айыптау бағытында зерттелгенін (біржақты), заң талаптарының өрескел бұзылуына жол бергенін және куә С.-дан соттарда жауап алынбағанын көрсетіп, сот актілерінің күшін жоюды сұраған. Сот алқасы істі мұқият зерделеп, К.-ның ісі қысқартылуға және процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян өтелуге жатады деген шешімге келген. Себебі, сотталған К.-ның қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы бола тұра, орташа ауырлықтағы қылмысты тіркеуден жасырған деген тұжырымы тек С.-ның тергеу кезінде қарама-қайшылығы бар жауабына негізделген. Ал С.-дан тіпті сот отырысында жауап алынбаған. Соған қарамастан тергеу кезінде С.-ның қарама-қайшылықтары бар жауаптарын негізге алып К.-ны соттаған.<sup>12</sup> Ал, Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық сотының үкімімен У. және П. сотталып, олар жасаған қылмысына басты дәлелдемелер ретінде жәбірленушілер Н. мен А.-ның жауаптары және ол жауаптарға қайшы келетін тану үшін көрсету хаттамалары негізге алынған. Яғни, алдын ала тергеу кезінде сотталғандар У. мен П.-ны танытуға ұсынылған кезде ҚР ҚПК 229-бабының 2-бөлігінің талаптары сақталмаған. Тану алдында берген жауабымен тану хаттамасындағы мәліметтер арасында елеулі қайшылықтарға назар аудармай, осы тергеу әрекеттерінің заңдылығы туралы мәселені ҚР ҚПК 112-бабы 4-бөлігінің талабына сай шешпеген. Сонымен қатар оқиға болған жерден табылған 11 адамның саусақ іздерінің зерттелгені жөнінде қылмыстық істе ешқандай мәлімет болмаған, тіпті бұл саусақ іздерінің қайда кеткені де белгісіз қалған. Сотта жауап берген бірнеше куәлардың жауаптарына заң тұрғысында баға берілмеген, себебі олардың көрсетуі бойынша У. және П.-ның қылмыс жасағандары жоққа

<sup>5</sup> Қазақстан Жоғарғы Сотының бюллетені, №5. 2014. 52-49 б.

<sup>6</sup> Белкин А.Р. Теория доказывания в уголовном судопроизводстве: Монография. М., 2007. С. 57-58.

<sup>7</sup> Минимурзина О.Н. Судья как особый властный субъект судебного следствия // Российский судья, №7. 2016. С.37-38.

<sup>8</sup> Ким К.В. Законодательная регламентация цели уголовного судопроизводства Республики Казахстан // Право и государство, №3(60), 2013. С. 56-57.

<sup>9</sup> Перлов И.Д. Судебное следствие в советском уголовном процессе. М.: Госюриздат, 1955. – 248 с.

<sup>10</sup> Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации. <http://ipirip.ru/upk/> (2016 жылғы 28 қыркүйекте қаралды).

<sup>11</sup> Попова И.П. Справедливое правосудие // Уголовное судопроизводство, №2. 2016. С.10-11.

<sup>12</sup> Қазақстан Жоғарғы Сотының бюллетені, №8. 2014.48-49 б.

шығарылған.<sup>13</sup> Сөйте тұра «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (2006 жылғы 20 сәуірдегі N 4) нормативтік қаулысының талаптарын сот ескремеген, себебі соттың үкімі сотталушы мен жәбірленушінің талданбаған, ақиқатты салыстырылмаған және басқа дәлелдемелермен, куәлардың айғақтармен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен, сарапшылардың қорытындыларымен, заттай дәлелдемелермен және өзге де құжаттармен расталмаған айғақтардың негізінде ғана шығарылса, оны заңды деп тануға болмайтындығы нақтыланған.<sup>14</sup> Біздің пікірімізше аталған сот отырысында дәлелдемелердің толық жан-жақты зерттелмеу себебінің бірі, ол тараптардың да соттың да дәлелдеу процесіндегі белсенділіктерінің төмендігін куәландырып отыр. Мүмкін тәжірибеде аталмыш жағдайлар тіпті сирек кездесетін шығар, десек те кінәсізді кінәлі деп тану (немесе керісінше) ол сот әділдігі үшін орны толмас қателік. Жоғарыда аталған мысалдарға көз жүгірте отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы қайшылықтарды жою үшін тараптардың өтінішінің болуы шарт емес, сот өз бастамасымен тергеудің толымсыздығын жою мақсатында барлық шараларды қолдануға міндетті деген пікірге келеміз. Себебі процесті жүргізуші органның ыңғайына емес, әрбір қымбат қазынаның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған құрал болуы басты шарт. Оның дәлелі ретінде профессор М.С.Нарикбаев «сот реформаларын жүргізудің негізгі талаптарын, ол сот әділдігін танушы орган ретінде халықтың сотқа деген сенімі, осы тұрғыда судьялардың құқықтық санасы, құқықтық мәдениеті, адамгершілігі, кәсіби біліктілігі мен әділеттілігі басты рөл алатынын» атап өткен.<sup>15</sup>

Сондай-ақ назар аударатын тағы бір жайт, егер сот тергеуінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығы анықталса не сот тергеуін әрі қарай жүргізуге кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтары анықталса, онда істі қосымша тергеуге жіберуге мәжбүрлік туындайтыны сөзсіз. Ал істі қосымша тергеуге жіберу бүгінгі таңда да күрделі мәселенің бірі. Себебі ҚР ҚПК 323-бабына сәйкес, сот істі прокурорға қайтару үшін біріншіден, басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталуы керек (басты сот талқылауын тағайындау өз алдына дербес саты), екіншіден басты сот талқылауында сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу істері бойынша немесе жасалған процестік келісімдері бар істер бойынша

сот отырысын жүргізуге кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталуы керек. Демек сот тергеуінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің толымсыздығы анықталса, онда сот өз бастамасымен не дәлелдемелер жинауға құқығы жоқ не қайта тергеуге жіберуге де мүмкіндігі жоқ, тіпті іс барысы тығырыққа тірелгендей. Мұндай заң талаптары соттың бейтараптылығы мен дербестігіне кері әсерін тигізбей қоймас. Себебі, сот тараптардың пікірімен байланысты болмауы тиіс және өз бастамшылығымен қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтау үшін қажетті шаралар қолдануы тиіс. Ал, істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатын шынайы жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалуы тиіс (ҚР ҚПК 24-бап 4-бөлігі). Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының үкімімен (2014 жылғы тәжірибе материалдары бойынша) П. (оның әрекетінде қылмыстық құрамының болмауына байланысты) ақталған. Жоғарғы Соттың қадағалаушы сот аққасына берген прокурордың наразылығы бойынша істі зерделеп, ҚР ҚПК 24-бабының талаптарын сақтамай, істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шаралары қолданылмаған деп көрсеткен. Атап айтқанда сот істі қарау барысында сотталушы П.-ның тікелей көмегінсіз көп сомадағы несиелерді Б., Н., В. арқылы жеке тұлғаларға заңсыз жолмен беру мүмкіндігін мұқият тексермей, асығыс шешім қабылдағанын көрсеткен. Куәлардың берген жауаптары арасындағы елеулі қайшылықтарын жан-жақты тексеріп, зерделемеген. Тіпті Б., Н., В.-ның алғашқы берген түсініктемелері қылмыстық іске тіркелмеген, яғни істің тізіміндегі түсініктемелердің атауы 156-160 парақтарда көрсетілгенмен, істе жоқ екені анықталған. Көрсетілгендердің негізінде аталған қылмыстық іс біржақты қаралғандықтан, соттың үкімде айтылған тұжырымдары істің нақты мән-жайларына сәйкес келмегендіктен қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңының талаптары өрескел бұзылған. Соның салдарынан негізсіз ақтау үкімін шығаруға әкеп соққан.<sup>16</sup> Мұндай жағдайда біздің пікірімізше, тіпті істі қайта тергеуге жіберуге негіз жеткілікті, себебі қылмыстық процестің қағидаттарын бұзу оның сипаты мен елеулі болуына қарай процестік әрекетті немесе шешімді заңсыз деп тануға, осындай іс жүргізу барысында шығарылған шешімдердің күшін жоюға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдемелік күші жоқ деп тануға әкеп соғады (ҚР ҚПК 9-бап 2-бөлігі), сондай-ақ қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталса істі қайта тергеуге жіберуі тиіс (ҚР ҚПК 323-бабы). Сондықтан істі қайта тергеуге жіберу мәселесін тек басты сот талқылауын тағайындау сатысында емес, сот отырысы сатысында да нақтылау қажет. Мысалы Германдық қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, сот айыптау және ақтау дәлелдемелерін толық зерттеу мақсатында тараптармен ұсынылмаған дәлелдемелерді алуға және зерт-



<sup>13</sup>Қазақстан Жоғарғы Сотының бюллетені, №6. 2014. 41-42 бет.

<sup>14</sup>«Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 4 нормативтік қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000004S> (2016 жылғы 13 қыркүйекте қаралды).

<sup>15</sup>Нарикбаев М.С. Конституция Республики Казахстан и развитие судебных и правоохранительных органов // Право и государство, №3(60), 2013. С. 69.

<sup>16</sup>Қазақстан Жоғарғы Сотының бюллетені, №4.2014. 37-38 б.

теуге құқылы, жекелеген жағдайда тіпті міндетті болып табылады. Егер сот отырысында дәлелдемелер шешім қабылдау үшін жеткіліксіз деп танылса, не іс үшін жаңа мән-жайлар анықталса, онда істі қайта тергеуге жіберуі тиіс (Германия ҚПК 112§ 1-бөлігі).<sup>17</sup>

Осыған орай, біздің пікірімше ҚР ҚПК 323-бабын мына мазмұнда толықтыру орынды «Басты сот талқылауын тағайындауға не сот отырысын жүргізуге кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталған, сондай-ақ олар сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу істері бойынша немесе жасалған процестік келісімдері бар істер бойынша басты сот талқылауында анықталған кезде, сот оларды жою үшін істі прокурорға қайтарады».

Әрине істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидатының кепілдігі ретінде мыналар танылады: күдіктінің, айыпталушының қылмыстық жауаптылық негіздерінің және кінәсінің бар екенін дәлелдеу міндетінің айыптаушыға жүктелуі (ҚР ҚПК 121-бап 2-бөлігі); қылмыстық процеске қатысушыларды істен шеттету құқығының болуы (ҚР ҚПК 86-94 баптар аралығы); дәлелдемелерді заң талаптары бұзыла отырып алынса, дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмеуі (ҚР ҚПК 112-бап); үкімнің күшін жою немесе оны өзгерту негіздерінің болуы (олар: сот тергеуі бір жақты және толық емес деп танылуы, соттың үкімде, қаулыда айтылған түйіндерінің істің нақты мән-жайларына сәйкес келмеуі, қылмыстық-процестік заңны елеулі түрде бұзылуы, төртіншіден қылмыстық заң дұрыс қолданылмауы, жазаның қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмеуі (ҚР ҚПК 433-бабы)). Аталған талаптарды процесті жүргізуші органның тікелей сақтауы әрине кез-келген іс бойынша шындықты тануға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қорыта келе, қылмыстық сот ісін жүргізудегі айыптаушы мен қорғаушы тараптардың шынайы бәсекелестігі және соттың істі әділ шешу барысындағы белсенділігі іс бойынша шындықты тануға кепіл бола алады деген сенімдеміз.

<sup>17</sup>Бэст Элен. Уголовный процесс Германии // Уголовное судопроизводство, № 4. 2014. С.12-13.

### Э.Е. Мусенова: Всестороннее, полное и объективное исследование обстоятельств дела в судебном следствии.

Статья посвящена исследованию формирования процессуальных полномочий суда в судебном следствии и их регламентации в новом УПК РК. Автор обращает внимание на законодательное закрепление пассивной позиции суда, который не вправе по собственной инициативе собирать доказательства в целях устранения неполноты досудебного расследования, а также отсутствие оснований направления уголовного дела на дополнительное расследование, что, по его мнению, противоречит требованию о всесторонности, полноте и объективности исследования доказательств, предлагает своё решение проблемы.

*Ключевые слова:* всестороннее исследование, принцип, главное судебное разбирательство, судебное следствие, судебные действия, активность суда, односторонность, оправдательный приговор, дополнительное расследование.

### E. Mussenova: Comprehensive, full and objective inquiry in judicial investigation.

Forming of procedural powers of the court during the judicial investigation and its' regulation in the new edition of Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan has been exploring. Author emphasizes passive position of the court, which is not entitled to gather evidence on its own initiative in order to eliminate incompleteness of pre-trial investigation. In addition, author highlights the lack of reasons to send a criminal case for additional investigation, which, in her opinion, contradicts the requirement of comprehensive, full and objective examination of evidence. In the article author's solution of the problems is suggested.

*Key words:* comprehensive investigation, principle, court hearing, judicial investigation, judicial actions, court activity, one-sidedness, acquitting judgment, additional investigation.

## НОВЫЕ КНИГИ

**Академическая коррупция в вузах Республики Казахстан: коррупционные схемы и методы противодействия: Учебно-практическое пособие /** О.С. Бектибаева, М.Ч. Когамов, Ж.З. Косыбаев, Т.М. Нарикбаев, С.Н. Нюсупов / Под общей ред. М.Ч. Когамова. Алматы: Жеті Жарғы, 2016. – 56 с.

ISBN 978-601-288-116-5

Учебно-практическое пособие содержит научно-обоснованную и практически апробированную методику противодействия академической коррупции в базовом звене высшего образования – бакалавриате. Впервые в Казахстане авторский коллектив, опираясь на системное применение метода case-study (ситуативного исследования) и метода наглядного (схематичного) моделирования, доступно излагает материал многолетних практических исследований.

Рекомендуется руководителям вузов для разработки эффективных анти-коррупционных протоколов, государственным органам, ответственным за выявление коррупционных злоупотреблений в образовательной сфере, и всем интересующимся проблемами противодействия коррупции в вузах.

Рецензенты: Борчашвили И.Ш. – д.ю.н., профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан; Сандрачук М.В. – к.э.н., доцент.

